ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШЖҚ «ОБЛЫСТЫҚ ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ СТАНЦИЯСЫ» МКК

ХАТТАМАСЫ №5

Түркістан қаласы **10.11.2026 ж**

Түркістан облысы денсаулық басқармасының ШЖҚ «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК-ның мәжіліс залында: **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы заңнамаларын сақтау мәселелері бойынша IV-тоқсандық** кезектен тыс жиналыс өткізілді.

Күн тәртібіндегі мәселе:

Тақырып: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары *(ҚР МҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы);*

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар *(ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы «31» желтоқсандағы №285 бұйрығы);*

Төрағалық етуші Б.Мырзагелдиев жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз сөйледі. Ол өз сөзінде Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, сондай-ақ мекеме қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жол бермеу мақсатында ішкі талдау жүргізудің маңыздылығына тоқталды.

Атап айтқанда, қатысушыларды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларымен» таныстырып, оның негізгі талаптарын түсіндіру мақсатында комплаенс-офицер Н. Абдуллаға сөз берді.

Комплаенс-офицер Н. Абдулла өз сөзінде аталған Қағидалардың негізгі мақсаты мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, олардың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу және оларды жоюға бағытталған шараларды әзірлеу болып табылатынын атап өтті және ішкі талдаудың негізгі талаптарымен таныстырды.

Ішкі талдауды жүргізудің негізгі талаптары

1. **Заңдылықты сақтау.** Талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және № 12 бұйрықпен бекітілген Үлгілік қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

2. **Талдауды бастау.** Ішкі талдау мекеме басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімі негізінде жүргізіледі.
3. **Объективтілік.** Талдау барысында нақты деректер мен құжаттарға сүйеніп, әділ бағалау жүргізілуі тиіс.
4. **Сенімділік.** Зерттелетін мәліметтер мен анықталған фактілер шынайы болуы қажет.
5. **Айқындық.** Талдау барысы мен нәтижелері түсінікті әрі негізделген болуы тиіс.
6. **Жан-жақтылық.** Мекеме қызметінің барлық тиісті бағыттары жан-жақты зерделенуі қажет.

Сонымен қатар ішкі талдау жүргізу барысында ішкі құжаттарға, қызметкерлердің функционалдық міндеттеріне, кадрлық және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіне, сондай-ақ азаматтармен және қызмет алушылармен өзара іс-қимыл жасау тәртібіне талдау жүргізу қажеттігін түсіндірді.

Комплаенс-офицер Н. Абдулла Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдардың негізгі мазмұнына тоқталды. Атап айтқанда, қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді адал әрі жауапкершілікпен орындауы, мүдделер қақтығысына жол бермеуі, қызметтік өкілеттіктерін жеке мақсатта пайдаланбауы, заңдылық, ашықтық және әділдік қағидаттарын сақтауы қажеттігін түсіндірді.

Қортынды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жан-жақты талқыланып, қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға толық әрі нақты жауаптар берілді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, қызметтік әдеп нормаларын сақтау, мүдделер қақтығысына жол бермеу және қызметтік міндеттерді адал орындау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жиналысқа қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтау, қызмет барысында адалдық, әділдік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын басшылыққа алу қажеттігі ескертілді.

Жиналыс төрағасы Б.Мырзагелдиев жиналысты қортындылады.

Жиналыс төрағасы **Б.Мырзагелдиев**

Хатшы: **Д.Туленов**